www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№16 /sársenbi/ 22 sáýir 2026 jyl


## МИНИСТРЛІК «ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР» АТТЫ ЖАҢА АЙДАРДЫ БАСТАЙДЫ

Айдар аясында туризм саласына қатысты өзекті сауалдарға нақты әрі түсінікті жауап береміз. Бүгін «Туроператорлар тізіліміне қалай тіркелуге болады?» деген сұраққа тоқталады.

Туроператор қызметімен айналысу үшін мемлекеттік электрондық тізілімге тіркеліп, лицензия алу қажет.

Қазіргі уақытта мемлекеттік электрондық тізілім деректеріне сәйкес туроператор қызметіне 745 лицензия берілген. Оның ішінде:

шығу туризмі саласында – 49;

ішкі, келу және шығу туризмі саласында – 52;

ішкі және келу туризмі саласында – 644.

Сонымен қатар мемлекеттік тізілімде 12 392 турагент, сондай-ақ 388 гид, экскурсовод және туризм нұсқаушысы тіркелген.

### Лицензияны қалай алуға болады?

Мемлекеттік қызметке өтінім беру «Электрондық лицензиялау» порталы – www.elicense.kz сайты арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету құны мен мерзімі:

Элицензия беру құны – 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК);

Элицензияны қайта ресімдеу – лицензия беру құнының 10%-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды;

Элицензия беру мерзімі – 6 жұмыс күнінен кешіктірілмейді;

қайта ресімдеу мерзімі – 3 жұмыс күніне дейін.

### Лицензия алу үшін қойылатын талаптар

Туроператор қызметінің барлық түрі үшін мынадай талаптар белгіленген:

Эқалыптастырылған туристік өнімнің болуы;

Этуризм саласы бойынша білімі, кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар және кемінде бір қызметкердің болуы;

Эменшік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кеңсе үй-жайының болуы.

Шығу туризмі саласында жұмыс істейтін туроператорлар үшін қосымша түрде «Туристік Қамқор» кепілдендіру жүйесі аясында банктік кепілдік шартының болуы талап етіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін Туризм индустриясы комитетіне 8 (7162) 74-15-08, 8 (7162) 74-17-34 нөмірлері арқылы хабарласуға болады.

«Айғақ»-ақпарат.

## ТОҚАЕВ АНТАЛИЯ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ФОРУМЫНДА ЖАҺАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН КӨТЕРДІ




Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының ресми ашылу рәсіміне және «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» атты панелдік сессиясына қатысты.

Форумның салтанатты ашылуында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған сөз сөйледі. Іс-шараға Әзербайжан, Қатар, Пәкістан, Словения, Солтүстік Македония, Молдова, Сирия, Бурунди, Конго Демократиялық Республикасы, Босния және Герцеговина, Грузия мемлекеттерінің басшылары, сондай-ақ халықаралық ұйым өкілдері мен делегациялар қатысты.

Анталия дипломатиялық форумы – жыл сайын жоғары деңгейде өтетін беделді халықаралық алаң. Мұнда саяси көшбасшылар, дипломаттар, сарапшылар, бизнес және медиа өкілдері жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, пікір алмасады. Сонымен қатар форум екіжақты және көпжақты кездесулер өткізуге мүмкіндік беретін тиімді диалог алаңы саналады.

Панелдік сессия барысында Мемлекет басшысы Түркияның халықаралық аренадағы ықпалына тоқталып, Президент Режеп Тайип Ердоғанның көшбасшылығымен елдің өңірлік және жаһандық рөлінің артып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия басшысының алдағы Қазақстанға мемлекеттік сапарына ерекше мән беріліп отырғанын жеткізді.

Президент өз сөзінде қазіргі әлемдегі негізгі сын-қатерлер мен геосаяси үрдістерге жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі таңда өңірлік қақтығыстар жаһандық сипат алып, халықаралық қауіпсіздік жүйесіне елеулі қауіп төндіріп отыр.

– Бүгінде адамзат күрделі кезеңді бастан өткеруде. Халықаралық шиеленістердің күшеюі алаңдаушылық тудырады. Мұндай жағдайда мемлекеттер барынша жауапкершілік танытып, сабырлы әрі теңгерімді саясат ұстануы қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының рөліне ерекше тоқталып, оның баламасы жоқ әмбебап құрылым екенін атап өтті. Сонымен қатар ұйымды реформалау қажеттігін айтты.

– БҰҰ-ны қолдау жеткіліксіз. Оны заман талабына сай жаңғырту қажет. Бұл үдеріс, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін қайта қараудан басталуы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, қазіргі таңда халықаралық келіссөздердің БҰҰ алаңынан тыс өтуі ұйым беделінің әлсірегенін көрсетеді. Осыған байланысты ол халықаралық институттардың тиімділігін арттыру мәселесіне ерекше назар аударды.

Жиын барысында Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға да тоқталды. Ол өңірдегі шиеленістердің салдары тек саяси емес, экономикалық тұрғыдан да күрделі екенін атап өтті. Президент тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа шақырып, дауларды келіссөздер арқылы шешудің маңызын жеткізді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық сауда мәселесіне тоқталып, оның көлемі өсіп келе жатқанымен, сапасы мен құрылымында түйткілдер бар екенін айтты.

Президент өз сөзінде превентивті дипломатияның рөліне ерекше мән берді. Оның айтуынша, қақтығыстардың алдын алу үшін алдын ала әрекет ету тетіктерін күшейту қажет.

– Превентивті дипломатия – тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды құралы. Біз өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға және олардың алдын алуға баса назар аударуымыз керек, – деді ол.

Панелдік сессияны Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлы жүргізді. Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық дипломатиядағы тәжірибесіне жоғары баға берді.

Жиын барысында Солтүстік Македония Президенті Гордана Силяновска-Давкова да сөз сөйлеп, превентивті дипломатияның маңызын қолдады. Оның айтуынша, қазіргі халықаралық ұйымдарда дәл осындай тәсіл жетіспейді.

Анталия форумындағы пікірталастар жаһандық қауіпсіздік, халықаралық институттарды реформалау және көпжақты дипломатияны дамыту мәселелерінің өзектілігін тағы бір мәрте айқындады.

**Шолушы.**

## 20 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ТАРИХИ АЛТЫН

Қазақстандық спортшы Айым Серікбаева (-44 кг) таеквондодан (WT) жастар арасында әлем чемпионы атанды. Ташкент қаласында өтіп жатқан әлем біріншілігінің финалында ол мексикалық Понсе Нуньес Дара Ширлиді 2:0 есебімен сенімді түрде жеңді.

Бұл жеңіс - Қазақстан таеквондосы үшін тарихи сәт. Ел құрамасы жастар арасындағы әлем чемпионатында соңғы рет алтын жүлдені 2006 жылы жеңіп алған еді. Осылайша, араға 20 жыл салып алтын медаль қайтадан ел қоржынына түсті.

Айта кетейік, Айым Серікбаева бұған дейін Азия чемпионы атанып, жастар арасындағы Азия ойындарының жеңімпазы болған.

Қазіргі таңда Ташкентте өтіп жатқан додада Қазақстан құрамасының қоржынында бұған дейін Ерасыл Ерзат пен Ислам Медетбай жеңіп алған екі қола медаль бар.



Жастар арасындағы әлем чемпионаты 17 сәуірге дейін жалғасады.

«Айғақ»-ақпарат.

# ВАШИНГТОНДА «ҚАРАҒАНДЫ – ЖЕЗҚАЗҒАН» АВТОЖОЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ БОЙЫНША КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ




Қазақстандық делегацияның Вашингтонға ресми сапары барысында Дүниежүзілік банктің штаб-пәтерінде «Қарағанды-Жезқазған» автожолының құрылысын қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды.

Келісім «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі арасында жасалды. Жоба көлік инфрақұрылымын дамытуға, транзиттік әлеуетті арттыруға және өңірлердің байланысын жақсартуға арналған. Жаңа жол жүру уақытын едәуір қысқартуға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және Орталық Қазақстанның дамуына қосымша серпін береді.

Қазіргі уақытта конкурстық рәсімдер соңғы сатысында тұр. Жолдың ұзындығы – 457 шақырым. Қарыз сомасы – 650 млрд теңге. Биыл автожолды жобалау жұмыстары және құрылысы бастау алады.

Жоба сонымен қатар логистиканы дамытуға, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Жұмыстар жақын уақытта басталады.

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Елімізде педагогтардың жүктемесін азайту мақсатында міндетті пәндік білімді бағалау тестілеуі алынып тасталды. Бұл ретте тестілеу педагогикалық қызметке жаңадан келген түлектер, қызметін қайта бастаған педагогтар, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшылары, олардың орынбасарлары мен әдіскерлер үшін сақталады. Педагогтың қызметі тест нәтижесімен емес, оның күнделікті жұмысы мен білім беру сапасына қосқан нақты үлесі арқылы бағаланады. Бүгінгі таңда Ұлттық бірыңғай тестілеуге тәуелділікті біртіндеп төмендетіп, педагогикалық жоғары оқу орындарына іріктеуде тест нәтижелерімен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибридті бағалау моделіне көшу басымдығы айқындалуда. Бұл жайында ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Сонымен қатар педагогикалық мамандықтарға қабылдау талаптары күшейтіліп, шекті балл 75-ке дейін көтерілді.

«Яғни, мұғалім мамандығына үміткерлерге талаптар қатаңдатылып, жоғары оқу орнына түсу кезеңінің өзінде-ақ қабілетті, мықты талапкерлер іріктеледі. Жас мамандар үшін тестілеудің сақталуы - ол академиялық дайындық деңгейін айқындау көрсеткіші, басшылық құрам үшін – басқарушылық шешімдердің заңдылығына қажетті нормативтік-құқықтық білім деңгейін бағалау тетігі болып табылады. Аттестаттау талабынан эссе жазу, ғылыми мақалаларды жариялау, авторлық бағдарлама мен оқу-әдістемелік материалдар алынып тасталды. Бұл шешім педагог қызметін қосымша құжаттардың санына емес, оның нақты жұмыс нәтижесіне қарай бағалауға бағытталған. Тәжірибе көрсеткендей, аталған материалдар оқу процесінде тұрақты қолданылмайды және білім сапасына нақты әсер етпейді. Оған қоса уақыт пен күш қосымша материалдар әзірлеуге жұмсалып, бұл оқу процесінің тиімділігін төмендету тәуекелін туындатады»,-деді вице-министр.




Сондай-ақ аттестаттау жүйесін жаңартудың маңызды тетіктерінің бірі - процесті толық цифрландыру көзделген. Барлық біліктілік санаты бойынша аттестаттау ақпараттық жүйелермен интеграцияланған «Ұстаз» платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Платформада педагогқа қатысты негізгі мәліметтер автоматты түрде қалыптастырылып, еңбек өтілі, біліктілігі, кәсіби жетістіктері, сертификаттары және портфолиоға қажетті өзге де деректер жүйеленеді. Бұл құжат айналымын қысқартып, аттестаттау рәсімдерінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ педагогтің күш-жігерін есептілікке емес, оқыту сапасына бағыттауға жағдай жасайды.

Қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тестілеуден өтіп, шекті балл жинаған және портфолиосын белгіленген талаптарға сай қалыптастырған педагогтерге өтініш берген біліктілік санатына сәйкес қосымша ақы 1 қыркүйектен бастап төленеді. Алғашқы тестілеуде шекті деңгейге жете алмаған, бірақ портфолиосы талаптарға сәйкес келетін педагогтерге шілде айында қайта тестілеуден өту мүмкіндігі беріледі. Егер қайта тестілеу нәтижесінде де шекті балл жинай алмаса тиісті біліктілік санаты берілмейді және олар 1 қыркүйектен бастап енгізілетін аттестаттаудың жаңа моделіне қатыса алмайды. Ал, екінші рет тестілеуден өтуді қаламайтын педагогтер ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап пилоттық режимдегі аттестаттаудың жаңа моделі шеңберінде аттестаттауға қатыса алады.

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА СОР ШАЮ ҮШІН 400 МЛН ТЕКШЕ МЕТР СУ БЕРІЛДІ

Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту мақсатында «Қазсушар» РМК Түркістан филиалы Жетісай және Мақтаарал аудандарында сор шаю жұмыстарын жүргізді. Жалпы алғанда филиал Жетісай ауданындағы 53,6 мың гектар және Мақтаарал ауданындағы 41 мың гектар алқапта сор шаю үшін 400 млн текше метр су жіберді, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Сонымен қатар Шардара ауданында 8,1 мың гектар алқапта топырақты ылғалдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда бұл мақсатқа 262 млн текше метр су берілген.

«Жеті гектар жерде мақта өсіріп отырмыз. Қазір егіске дайындық үшін алқаптарды ылғалдандырып жатырмыз. Су уақытында әрі жеткілікті көлемде келіп тұр. «Қазсушар» қызметкерлеріне алғыс айтамын. Тұрақты су жеткізудің арқасында биыл мол өнім аламыз деп үміттенеміз», - деді шаруа Ақжан Сүлейменбеков.

«Сор шаю жұмыстары былтыр желтоқсан айында басталды. Бүгінде бұл жұмыстар толық аяқталды. Қазір суармалы алқаптарға көкөніс пен бақша дақылдарын суару үшін су беріп жатырмыз. Сор шаю жұмыстары мақта дақылын өсіру үшін аса маңызды. Жоғары өнім алу үшін топырақтағы тұз мөлшерін төмендету қажет. Ал ылғалдандыру жұмыстары егіс алдындағы дайындық кезеңінде жүргізіледі», — деді «Қазсушар» РМК Түркістан филиалы Жетісай өндірістік бөлімшесінің басшысы Нұртас Тұрсынбеков.

# ТАРАЗДА КӨКТЕМНІҢ ЕҢ АУҚЫМДЫ ЕКІ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Туризм және спорт министрлігі бекіткен 2026 жылға арналған туристік «зәкірлік» іс-шаралар күнтізбесі аясында Жамбыл облысында өңірдің мәдени және табиғи туризмін дамытуға бағытталған екі ірі халықаралық іс-шараны ұйымдастырады, деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.

«Тараз – қолөнершілер қаласы» халықаралық қолөнершілер фестивалі 2026 жылғы 23 сәуірде «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде өтеді. Фестивальдің ашылуы сағат 10:00-де Dombyra Party бағдарламасымен басталады. Күн бойы қонақтарға киіз үйлер қалашығында концерттік бағдарламалар, Алматы, Түркістан және шетелден келген шеберлердің көрмелері мен шеберлік сабақтары ұсынылады. Көрмелер «Көркемсурет» галереясында, «Қолөнершілер үйінде», сондай-ақ кешеннің ашық алаңдарында ұйымдастырылады.

Кешкі бағдарлама сағат 19:00-де басталып, ұлттық киімдер көрсетілімін және HasSak этно-фольклорлық ансамблі, «Қоңыр» тобы, Наркенже Серікбаева және өзге де өнерпаздардың қатысуымен гала-концертті қамтиды. Сонымен қатар көрме залында ASPARA FASHION WEEK халықаралық сән апталығының XVII маусымы көрсетіледі.

«Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі 2026 жылғы 25 сәуірге жоспарланған. Іс-шара Талас ауданындағы Есейхан ауылының маңында өтеді. Фестиваль Жамбыл өңірін Грейг қызғалдағының тарихи отаны ретінде танытуға және экологиялық туризмді дамытуға бағытталған.

Фестиваль бағдарламасында 20 киіз үйден тұратын этноауыл, сахна, ұлттық спорт түрлеріне арналған алаңдар, фудкорт және тақырыптық фотозоналар қарастырылған. Қонақтар облыстық филармония әртістерінің концертін, «Қызғалдақтың шығу тарихы» атты театрландырылған қойылымды тамашалап, өңірдің туристік нысандарына танымдық экскурсияларға қатыса алады. Сондай-ақ ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер көрсетіліп, «Қымызмұрындық» рәсімі ұйымдастырылады.

Фестиваль аясындағы ерекше оқиғалардың бірі – халықаралық экологиялық бастама: Нидерланд Корольдігі Жамбыл облысына өңір аумағына отырғызу үшін 40 000 қызғалдақ пиязшығын табыстауды жоспарлап отыр.

Аталған фестивальдер өңір экономикасының дамуына серпін беріп, туристер ағынын арттыруға, инфрақұрылымды жетілдіруге және шағын әрі орта бизнесті қолдауға ықпал етеді.

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР ӨСІМДІКТІҢ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚҚА ТӨЗІМДІ СОРТТАРДЫ ПАТЕНТТЕДІ

2026 жылы А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы аграрлық саладағы жаңа селекциялық жетістіктер мен технологиялық шешімдерге бірқатар патент рәсімдеді. Бұл әзірлемелер құрғақ климат жағдайында өсімдік шаруашылығының тұрақтылығын арттыруға және өндіріс тиімділігін көтеруге бағытталған.

Жаңа сорттардың қатарында жалаң дәнді «Дамсинский» сұлысы, жаздық қатты «Торғай» бидайы, мал азықтық «Изумрудное» тарысы және тағамдық «Реноме» тарысы бар. Олардың барлығы Қазақстанның климаттық ерекшеліктерін ескере отырып шығарылған және құрғақшылыққа



төзімділігімен, жатып қалуға қарсы беріктігімен әрі тұрақты өнімділігімен ерекшеленеді.

Әзірлеушілердің мәліметінше, бұл сорттарды енгізу агротехнологиялар мен ауа райы жағдайына байланысты өнімділікті 2–10 ц/га дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, майлы зығыр өсіру тәсілі де патенттелді. Бұл технологияға алдыңғы дақылдың егістігін жинауға дейін гербицидтік өңдеу қарастырылған. Мұндай тәсіл егістіктегі арамшөптердің мөлшерін азайтып, кейінгі дақылдың өнімділігін арттыруға және өсімдіктерді қорғау шығындарын оңтайландыруға жол ашады.

Әзірлемелер Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында қолдануға бағытталған, бұл аймақтар тәуекелді егіншілік аймағына жатады. Оларды енгізу агроршаруларға өндірістің тұрақтылығын арттыруға, климаттық тәуекелдерді азайтуға және шаруашылықтардың экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға көмектеседі.

Бетті жинақтап, дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 167-ШІ «АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ» ӨРТ СӨНДІРУ ПУНКТІ АШЫЛДЫ

Түркістан облысы Арыс қаласына қарасты Монтайтас ауылында «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 167-ші ерікті өрт сөндіру пункті пайдалануға берілді. Бұл бастама еліміздің ауылдық аумақтарындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі саналады.




Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әріновтің бастамасымен қолға алынған. Жоба бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, шалғай елді мекендерде төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін кеңейтіп келеді.

Салтанатты ашылу рәсіміне Түркістан облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Бағдат Чайзада, Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқараев, сондай-ақ ауыл тұрғындары мен еріктілер қатысты. Жиында сөз алған жауапты тұлғалар бұл нысанның жергілікті халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызына ерекше тоқталды.

Жаңа өрт сөндіру пункті жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыруы есебінен салынған. Нысан заманауи талаптарға сай жабдықталып, тәулік бойы қызмет көрсетуге толық мүмкіндік береді. Мұнда ерікті өрт сөндірушілерге арналған барлық қажетті жағдай қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан пункт арнайы өрт сөндіру техникасымен, оның ішінде автоцистернамен, заманауи өрт-техникалық құрал-жабдықтармен, арнайы қорғаныш киімдерімен және байланыс жүйелерімен толық қамтамасыз етілген. Бұл өз кезегінде төтенше жағдайларға жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Аталған пункт Монтайтас ауылдық округіне қарасты сегіз елді мекеннің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Монтайтас, Атамекен, Шағыр, Ақтас, Қабылсай, 42-разъезд, Бақырша және Тоғансай ауылдарының жалпы саны 7 мыңнан астам тұрғыны осы нысанның қызметін пайдалана алады.

Мамандардың айтуынша, жаңа пункттің іске қосылуы өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде оқиға орнына жету уақытын едәуір қысқартады. Бұл, өз кезегінде, адам өмірін сақтап қалуға, материалдық шығындарды азайтуға және төтенше жағдайлардың салдарын барынша жедел жоюға мүмкіндік береді.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылып жатқан мұндай пункттер ауылдық жерлерде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, тұрғындардың төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға және еріктілік қозғалысты дамытуға да оң ықпалын тигізуде.

Жалпы, бұл бастама – мемлекет тарапынан ауыл инфрақұрылымын дамытуға және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты көрінісі. Алдағы уақытта да еліміздің өзге өңірлерінде осындай өрт сөндіру пункттерін ашу жоспарланып отыр.

# ЕЛІМІЗДЕ ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН ӘДІЛ БАҒАЛАУ ТЕТІГІ ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР




Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова ОКҚ брифингінде пилоттық режимдегі педагогтарды аттестаттаудың жаңа моделіне қатысты мәліметтер жариялады. Оның айтуынша, бұл қызмет енді тек академиялық көрсеткіштермен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасын қалыптастыруға қосқан нақты үлесі арқылы бағаланатын болады. Мәселен, педагог-модератор санаты үшін ашық сабақтар саны едәуір қысқартылады: бұрын жыл сайын 5 сабақ өткізу көзделсе, енді аттестаттау кезеңі ішінде барлығы 4 ашық сабақ өткізу жеткілікті болады. Біліктілікті арттыру курстарының көлемі 72 сағаттан 36 сағатқа дейін қысқартылады.

Педагогтің білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық топтарына, жобаларға қатысуы талап етіледі. Білім беру ұйымында сынып сағаттарын немесе сыныптан тыс іс-шараларды өткізу талабы енгізіледі. Педагог-сарапшылардың жұмысында да ұқсас өзгерістер бар.

*«Педагог-зерттеуші санаты үшін ашық сабақтар саны қысқартылады: бұрын жыл сайын 5 сабақ өткізу көзделсе, енді аттестаттау кезең ішінде барлығы 6 сабақ (оның ішінде 3 офлайн және 3 онлайн форматта) өткізу жеткілікті және оның ішінде 1-еуі облыс деңгейінде. Біліктілікті арттыру көлемі 80 сағаттан 72 сағатқа дейін қысқартылады. Педагогтің білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық топтарына, жобаларға қатысуы талап етіледі. Білім беру ұйымында сынып сағаттарын немесе сыныптан тыс іс-шараларды өткізу талабы енгізіледі. Бұрын семинар, конференцияда баяндама жасау талабы болған, ол тәжірибені тарату форматымен алмастырылады»*, - деді Ш.Ақпарова.

Қосымша ретінде білім беру ұйымы деңгейінде кемінде 2 педагогқа әдістемелік сүйемелдеу жүргізу талабы енгізіледі. Бұдан бөлек, тәуекел тобындағы балаларды анықтау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту талабы енгізіледі.

Педагог-шебер санаты үшін ашық сабақтар саны едәуір қысқартылады: **бұрын жыл сайын 5 сабақ өткізу көзделсе, енді аттестаттау кезең ішінде барлығы барлығы 8 сабақ (4 офлайн және 4 онлайн форматта) өткізу жеткілікті және оның ішінде 1-еуі республика көлемінде. Біліктілікті арттыру көлемі 108 сағаттан 72 сағатқа дейін қысқартылады.**

Педагогтің білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық топтарына, жобаларға қатысуы талап етіледі. Білім беру ұйымында сынып сағаттарын немесе сыныптан тыс іс-шараларды өткізу талабы енгізіледі. Бұрын семинар, конференцияда баяндама жасау талабы болған, ол тәжірибені тарату форматымен алмастырылады. Қосымша ретінде білім беру ұйымы деңгейінде кемінде 3 педагогқа әдістемелік сүйемелдеу жүргізу талабы енгізіледі. Бұдан бөлек, тәуекел тобындағы балаларды анықтау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту талабы енгізіледі. Қосымша түрде менторлық, тәлімгерлік және волонтерлік белсенділігі ескеріледі.

Пилоттық кезеңге арналған бұйрық жобасы әзірленді, қазір келісу жұмыстары жүргізілуде. Қосымша барлық мүдделі тарапқа түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Өтпелі кезеңде педагогтердің құқықтары толық сақталады. Аттестаттау тек қосымша қаржылық ынталандыру құралы емес, ең алдымен педагог қызметінің сапасын әділ бағалау тетігі ретінде қарастырылып отыр.

**Сонымен бірге аттестаттау педагогтің негізгі қызметіне кедергі келтірмей, оны қолдайтын жүйе ретінде қалыптастырылады, яғни педагогтің уақыты артық есептілікке емес, оқушымен жұмысқа бағытталуы қамтамасыз етіледі.**

# СПОРТШЫЛАР ЖАҢАРТЫЛҒАН СПОРТТЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУДЕ

Кезекті спорттық киімдер жиынтығы Түркістан қаласында ескек есу спорт түрлері бойынша ұлттық құрамаларға табысталды. Атап айтқанда, байдарка мен каноэде есу, сондай-ақ академиялық есу бойынша спортшылар толық жиынтыққа ие болды. Жиынтық құрамына жарысқа арналған форма, жаттығу және жарысқа дайындыққа қажетті киімдер кіреді. Бұл жазғы және қысқы маусымдарға арналған барлық қажеттіліктерді қамтиды.

Жабдықтар халықаралық Under Armour брендімен әзірленіп, ұлттық құрамаларды қамтамасыз етудің жаңа стандарты аясында ұсынылуда.

Бұған дейін мұндай толық жиынтықтар семсерлесу, жеңіл атлетика, бокс, күрес түрлері, нысана көздеу, су добы, дзюдо және өзге де спорт түрлері бойынша ұлттық құрамаларға берілген болатын.

Аталған бастама спортшыларға сапалы дайындық жағдайын жасауға және халықаралық аренадағы нәтижелерін арттыруға бағытталған.

# РАЦИЯЛАРМЕН ӘРЕКЕТ ЕТКЕН ГАСТРОЛЕР-ҰРЫЛАР ҰСТАЛДЫ

**Шымкент қаласында полиция қызметкерлері алдын ала ойластырылған схема бойынша әрекет еткен пәтер ұрыларының тобын әшкереледі.**

**Күдіктілер – Алматы облысынан келген үш азамат. Олар қала аумағында бірнеше рет ұрлық жасап үлгерген.**

**Тергеу барысында олардың қылмыс жасау үшін иелері үйде болмаған кезді пайдаланып, көбіне түнгі уақытта ішке заңсыз кіргені анықталды. Қолды болған заттардың қатарында ақша мен алтын бұйымдар бар.**

**Топ жоспарды іске асыру үшін рация қолданған. Осы арқылы олар бір-бірімен үздіксіз байланыста болып, рөлдерді бөлісіп, жағдайды бақылап отырған.**

**Жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижесінде күдіктілердің барлығы ұсталып, қамауға алынды. Аталған жайттар бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.**

**Полиция азаматтарды қауіпсіздік шараларын мұқият сақтауға шақырады.**





# ФЕНОМЕН ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

*(Посвящается 90 –летию Олжаса Сулейменова.)*

**1.ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ О.СУЛЕЙМЕНОВА.**

Мы живем в эпоху преобразований. В таких нестандартных условиях, как правило, народ ищет и высоко почитает смелых и мудрых личностей, которые могут и способны своим могучим талантом и волей разглядеть ясную цель и верную дорогу. К таким личностям относится и ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВ.

12 апреля – это был не только звездный час космонавта Юрия Гагарина, но и день рождения Олжаса Сулейменова как поэта. Хотя день рождения Олжаса Сулейменова нельзя уложить во временные рамки. О чем бы он не писал, везде прослеживается знание историй, будь то времена Киевской Руси, сталинских реформ или освоение целины. Еще в молодые годы поэт заметил:

Я бываю Чоканом,
Конфуцием, Блоком,
Тагором!

Но о чем бы он не писал, он всегда проводит параллели со своим временем. Его поэзию отличает активность мысли, постоянная сосредоточенность на важных нравственных проблемах. Творчество Олжаса – это постоянные поиски точки опоры, исторических ориентиров, поэтому сегодня Олжас Сулейменов нам знаком не только как поэт, но и как исследователь, публицист, философ, как общественный и политический деятель. Мне бы хотелось остановиться больше на аспекте его общественно-политической деятельности. Но прежде чем перейти к этому аспекту его деятельности, давайте посмотрим, что же способствовало этому? Безусловно, Бог наделил Олжаса огромным талантом. Но этому способствовала и окружающая среда – воспитанный матерью на народных пословицах, на принципах морали и чести, он через всю жизнь пронес материнские заповеди, в буквальном переводе звучащие так: «С гордым будь горд, с вежливым будь вежлив, возвышаясь – не унижай». Олжасу Сулейменову только год, когда был расстрелян его отец, став жертвой тоталитаризма. И это оставило глубокий след в душе ребенка на всю жизнь, заставило его рано думать, ставить вопросы, взрослеть.

После исторического XX съезда в пятьдесят шестом, Олжасу Сулейменову было 20 лет, возраст – когда складываются мировоззренческие устои и убеждения. Будучи студентом геологического факультета, он уже тогда активно занимается общественной работой – пишет статьи, очерки. В 26 лет пишет первую поэму «Земля, поклонись человеку». Позже он вступает в ряды КПСС и становится активным ее членом. 70 годы – явились началом его зрелой общественно-политической деятельности. Олжас Сулейменов – делегат XXVI и XXXVII съезда КПСС, XV иXVI съездов Компартии Казахстана. Его общественно-политическая деятельность в те годы проходила исключительно через призму решения больших социальных проблем, улучшения и подъема жизни народов Казахстана. Этот период был чрезвычайно важным в становлении Сулейменова как политика и общественного деятеля.он быстро завоевал симпатии всех делегатов съезда и десятков миллионов телезрителей, так как просто, доступно и в то же время емко выразил настроение большинства народов, говоря о том, что административно-командная система изжила себя, а отношение между центром и республиками надо вывести на качественно новый уровень. И это в то время, когда коммунистическая система была сильной, беспощадной, она не терпела самобытного характера и независимости суждений. Только исключительно сильные личности могли отстоять свои взгляды и свое миропонимание, были способны на смелые поступки.

Декабрь 1986 года – Алма-Атинские события, всколыхнувшие всех жителей Республики. В те дни Олжас был на встрече среди студентов университета. Как первый секретарь Союза писателей Казахстана, и объясняя тем ребятам еще в их школьном возрасте, что такое подлинное национальное достоинство и как оно должно проявляться.

В одной из своих статей под заголовком «У историй черновиков не бывает», он пишет, что нам пора понять, что интернационализм – не вера, это наука и требует постоянного развития.И подчеркивает, что все эти события явились следствием того, что мы не сделали убеждением мысль: «Взаимосвязь – единственно возможная форма полноценного существования народов». В правоте этих слов мы убеждаемся и сегодня.

1987-1989 годы – Олжас Сулейменов является депутатом Верховного Совета СССР 11 созыва и Верховного Совета Казахской ССР 10 созыва. По результатам это были наиболее творческие и плодотворные созывы. Именно тогда было обнародовано концепция советской федерации и впервые ставился вопрос независимости Республик.

1989 год – Олжас Сулейменов народный депутат СССР, член Верховного Совета СССР. Темой его выступлений являются вопросы интернационализма, на одном из заседаний он говорит, что интернациональная общность не механическая сумма народов и необходимо менять формулу государственного, поднимая во главу угла потребности наций, и выдвигает принципы децентрализации, республиканского и территориального хозрасчета, народного самоуправления. Он является одним из инициаторов принятия Закона о чрезвычайном положении, Закона о беженцах.

Январь 1990 года – Олжас Сулейменов опять в гуще событий: на этот раз в Карабахе, в центре армяно-азербайджанского конфликта. Здесь он проводит параллель Алма-Атинского декабря 1986 г. и Бакинского января 1990 г. подчеркивает, что обозначился явный кризис центральной власти. Многое вместили в себя годы, предшествующие разделению Союза Советских Социалистических Республик, и немаловажную лепту внес Олжас Сулейменов. Именно тогда весь мир услышал из уст. Сулейменова искрометное шекспировское «Быть или не быть». И неудивительно, что как яркая общественная личность он показал себя в дни становления молодой Республики, являясь народным депутатом. Это был октябрь 1990 года – когда была принята Верховным Советом СССР декларация о суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики. 5 октября 1991 года состоялся учредительный съезд партии, на котором она получила имя «народный конгресс Казахстана», были приняты ее программа и устав. Создал эту партию, сыгравшую немалую роль в утверждении демократии в нашей республике – Олжас Сулейменов. Эта партия возникла, когда создавались партии национального толка. Партия, народный конгресс провозгласила своими постулатами интернационализм, защиту интересов человека, независимо от национальных, классовых и других различий. Партия становится популярной в народе и получает немало мест в парламентах 12-го и 13-го созывов. Олжас уверен, что без сильной оппозиции политического инакомыслия и без трезвого взгляда на существующие реалии невозможно построение нормального государства. Он не соглашается с расхожим тезисом «Политика – грязное дело», он уверен: «Грязную политику делают грязные люди». Олжас всячески избегает пустых слов, не стремится к дешевой популярности у толпы и говорит народу в лицо то, может не понравиться ему.

В политических лабиринтах отношение к Олжасу было неоднозначное, но равнодушных не было. Так как он мог предсказать и повлиять на развитие политических событий в республике. В его политической деятельности можно увидеть и мягкость действий, но есть одно обстоятельство, позволяющее быть не очень строгим к его политической деятельности – в политику он вошел не ради достижения власти, а ради утверждения демократии, гуманистических идеалов.

И так. В чем же секрет высокого политического рейтинга Олжаса Сулейменова не только в Казахстане, но за его пределами. Твердость характера, неординарность мышления, независимость поведения, широкий кругозор, способность верно определять главные приоритеты и конечно же мощность интеллекта. И сейчас Олжас Омарович активный участник общественно-политических процессов, происходящих в мире. После дипломатической работы он достойно представляет Казахстан в ЮНЕСКО. И хочется закончить словами Сейдахмеда Куттыкадама «Так стой же Олжас! Стой, несмотря ни на что! И не смей быть чуточку ниже своего высокого предназначения».

**2. ФИЛОСОФИЯ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА.**

У каждого народа, большого или малого, есть свои герои, свои мудрецы и праведники. И большая редкость встретить человека, который объединил бы в себе все лучшие человеческие качества, входя в число самых активных представителей общества, являясь лицом народа, совестью его и душой. Такие люди становятся символом своего времени. Их мысли волнуют окружающих, влияют на умонастроения и взгляды. Таковым является выдающийся мыслитель современности Олжас Сулейменов.

Все гуманистические посылы поэта-мыслителя, поэта-трибуна базируются на философских исследованиях по проблеме человека, его жизни в окружающем мире, поиске самого себя, сохранении уникальности и смысла жизни.

Философия Олжаса Сулейменова определена им самим в интервью «Казахстанской правде»: «Мы все – представители вида Homo Sapiens – Человека Мыслящего. В разных культурах накопилось множество мифов, эпосов о могучих, храбрых героях. Но самая древняя на земле поэма – «Сказание о Гильгамеше» («О Мудром») сложена в Шумере шесть тысяч лет назад. Через тысячелетие ее перевели на древнесемитский язык. Люди всегда мечтали о мудрых, много знающих вождях». Этим Олжас подчеркивает, что все человечество в истории своего развития искало пути к мудрости.

С его именем связана целая эпоха в жизни нашей страны. Он из яркой плеяды тех знаменитых «шестидесятников», которые потрясли умы. Он как Юрий Гагарин, совершил поэтический взлет на вершину поэзии. Его поэма «Земля, поклонись человеку!»- философский памятник человеку и человечеству.

В ранней философии Олжаса Омаровича ярко выделяются дух кочевника и душа поэта, степной ветер и шум дождя, напев домбры и шелест лесов, а главное – органичное сочетание тюркских и славянских пластов культуры, также этические, эстетические и житейские традиции народов.

В философии Сулейменова в 1975 году «грянул гром» - книга «Аз и Я». Судьба этой книги очень уникальна, в ней сполна можно увидеть трагизм и драматизм. Но главной заслугой этой книги является то, что как художественно-научный текст активизирует общественное сознание. И как представитель молодежи того времени, я уверен, что это явилось толчком, приведшим нас к независимости.

Читая философию (мудрствование) Олжаса Сулейменова, ясно достигаешь одной цели – изменение стиля мышления. Его творчество полностью пронизано казахским национальным духом, в котором, главное место занимает любовь к Родине и беззаветное служение ей. Это подтверждают слова нашего современника, государственного и общественного деятеля Мырзатая Жолдасбекова: «Олжас блестяще отстаивает честь своей страны и поднимает ее престиж. В международных отношениях, в вопросах политики, на исторических форумах и научных конференциях, в любой стране его мысли всегда поражают аудиторию своей широтой и неординарностью».

А какое философское и воспитательное значение имеет следующее высказывание Олжаса Омаровича: «Наше поколение много сделало для самосознания нации, мы доказали себе, что мы не наследники, но активные продолжатели добрых замыслов и дел своих предков. Только такое эстафетное сотрудничество поколений обеспечивает жизнь народа в истории, продлевает его дорогу в будущее».

Олжас Сулейменов – великий патриот, своим поведением и творчеством он учит нас уважать

предков, осознавать ответственность перед потомками.

Любящий свою Родину человек не может не испытывать нравственную ответственность перед людьми будущего, чьи духовные запросы будут множиться и возрастать. Высшее торжество для Олжаса заключается в том, чтобы заставить мыслить тех, кто способен мыслить.

Нам впервые за долгие столетия выпал шанс – стать независимыми и свободными. Это шанс дается не одному поколению. Его обязаны с умом, грамотно использовать еще десятки следующих поколений, не доверяя его даже на время романтикам и невеждам, потому что после них торжествуют хищники. Эту мысль Олжаса хотелось бы продолжить его же словами: «Создание государства со своей яркой внешней политикой – это особенная победа всех нас, победа, которой надо гордиться и дорожить. Когда меня просят дать бата – благословение, я всегда заканчиваю его словами: Еліміз аман болсын! («Пусть страна наша будет всегда!»).

Как близки каждому казахстанцу слова Олжаса: «Я мечтал воспитать своими книгами гордый, умный, добрый народ, презирающий подлость и предательство. Только такой достоин продолжаться в вечности. Вот поэтому для меня писательство было важнее любой карьеры. Литература должна участвовать в переделке сознания и действительности, в изменении судеб своего народа, судеб человечества. Так было всегда, так это и сейчас».

Высокую оценку творчеству Олжаса Сулейменова дал писатель, лауреат Международной премии имени М. Шолохава Сабит Досанов: «Среди знаковых личностей казахского народа высокий (в прямом и переносном смыслах слова) Олжас Сулейменов – на особом пьедестале. Он – Великий Поэт, Великая Личность и Великий Гражданин. Олжас – казахский поэт мирового звучание. Ему присущи чувство слова Александра Пушкина, пафос Владимира Маяковского, романтизм Михаила Лермонтова, глубина и сложность Андрея Вознесенского, накал Евгения Евтушенко, назидательная мудрость Омара Хайяма, огненное дыхание стихов Махамбета, глубинная философия точность мысли Абая. Олжас – дух нации и символ времени». В этом определении высказана вся философия Олжаса Омаровича Сулейменова.

Философию Сулейменова можно уверенно констатировать его же словами: «Возвысить степь, не принижая горы», «Настоящее будет плоским без глубины прошлого, без вершины будущего», «Это жизнь, и твоя и чужая – Наша!», «Мир – оболочка, мы его основа», «Мы прошли испытания, льдом и мечом», «Я родился на коне, неужели умру в оковах», «Я – обнаженный меч...»

Все эти мысли имеют философскую основу и мыслящему человеку не представляет труда понять его и вооружиться этими идеями во имя процветания жизни.

В его философии отражена вся наша планета, имя которой – Земля. В нем есть место гордому и доброму Казахстану, для которого поэт не жалеет ни сил, ни энергии вот уже девять десятков лет. И мы по праву можем назвать его философию – духом нации и символом времени. И пусть это будет, как говорят казахи «Ұзағынан болсын!»(«Пусть будет долгим!»).

Погружаясь, вчитываясь вот уже пять десятков лет в философию Олжаса Сулейменова, хочу с уверенностью утверждать, что он был и есть могучий излучатель энергии добра, света и свободы в нашем далеко не совершенном мире.

И хочется закончить свою статью словами Мырзатая Жолдасбекова «В самом центре великих людей стоит колоритная личность Олжаса, как ярчайшая звезда. Олжас Сулейменов – видный государственный и общественный деятель, крупный дипломат и политик, личность мировой величины, связующая нить между нациями, верный сын своего народа, Мыслитель эпохи, Великий поэт, ставший гордостью нации. Он - посол страны и совесть нации.Такова истина.И эту историческую правду никто не сможет отрицать.»

Проявлением высшей справедливости и общенародным признанием исторических заслуг выдающегося сына земли казахской, человека, прославившего на весь мир свой народ, стало присвоение Олжасу Омаровичу Сулейменову, Указом Президента страны от 17 мая 2016 года высшей степени отличия независимого государства – звания «Қазақстанның Еңбек Ері /Герой труда Казахстана/.

Да, он – Ер! Истинный! Во всех отношениях!

**АБДИЖАППАР ТУРАШБЕКОВ,**
*кандидат философских наук,*
*ассоциированный профессор,*
*Южно-Казахстанский педагогический университет имени У.Джанибекова*

## ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Қазақ халқының рухани мұрасын қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды ұлықтауда өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғалардың бірі-Өзбекәлі Жәнібеков. Ол –ұлт мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихи жадымызды сақтап қалуға бар ғұмырын арнаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

Ө.Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. 20 ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды.

Ө.Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. Ө.Жәнібеков «Шертер», «Адырна», «Алтынай», т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды.

«Наурыз» мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты. Еліміздегі музей ісінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібеков — ел үшін еңбегі ерен жан.

Төрткүл дүниеге аты мәлім, түркі жұртының ортақ шаңырағы — Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанның Санкт-Петербургтің Эрмитаж музейіндегі көрмеден елге оралғанша қаншама тар жол тайғақ кешуді бастан өткергені белгілі.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының жоғалып бара жатқан көптеген ұлттық мұраларын қайта жаңғыртуға зор үлес қосты. Оның бастамасымен қазақтың көне салт-дәстүрлері, қолөнері, ұлттық киімдері мен тұрмыстық бұйымдары зерттеліп, халыққа қайта таныстырылды. Әсіресе, қазақ әйелдерінің кимешегі, сәукелесі, зергерлік бұйымдары секілді асыл мұралар қайта жаңғырып, қазақтың беташар, тұсаукесер, бесікке салу сияқты дәстүрлерінің мән-маңызын халыққа кеңінен насихатталды.

Сонымен қатар, ол тарихи ескерткіштерді қорғау ісіне ерекше мән берді. Қазақ даласындағы көптеген киелі орындары қайта жөнделіп, халық игілігіне айналуына себепкер болды. Өзбекәлі ағамыздың ұлт тарихына деген жанашырлығы кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалады.

Өзбекәлі Жәнібеков тек мәдениет саласында ғана емес, елдің рухани саласын көтеруде де үлкен қызмет атқарды.

Бүгінде Ө.Жәнібеков есімі ұлт жанашыры, руханият жанашыры ретінде құрметпен аталады. Оның халқына сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Ұлт рұхын ұлықтаған асыл азаматтың ғибратты ғұмыры-кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі.

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінде ағымдағы жылдың 17 сәуірде еліміздегі музей ісінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Ө.Жәнібековтың туғанына 95 жыл толуына орай, музей қызметкерлері қатысуымен «Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен келеді» атты семинар-кеңес өтті.

